

Аудандағы базарларда сауда жасайтын жеке және заңды тұлғалардан алынатын бір жолғы талондардың құны және ұтыс ақшасынсыз ойын автоматтарының бір салық салу объектісінен алынатын тіркелген жиынтық салық ставкасының мөлшері туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2008 жылғы 12 ақпандағы N 01-02/4-5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінің Аягөз ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 27 ақпанда N 5-6-66 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз аудандық мәслихатының 2009.04.24 № 01-02/15-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз аудандық мәслихатының 2009.04.24 № 01-02/15-5 шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 23 қаңтардағы № 148-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 373, 394 баптарын және «Тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі және ең жоғары базалық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қазандағы № 1016 қаулысын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аягөз аумағындағы базарларда (3- ші категория) сауда жасайтын азаматтардан бір жолғы талондардың құны:

	Талон құны
1. тамақ өнімдерін сату үшін -	200 теңге
2. өндірістік тауарлар сату үшін -	180 теңге
3. ет, құс, балық өнімдерін сату үшін (арнаулы ет павильоны ішінде) -	400 теңге
4. ұсақ – түйек тауарларын сату үшін (әк, ұсталған құрал-сайман, мал жемі)	90 теңге
5. жеміс-жидек, көкөніс-бақша өнімдері -	150 теңге
6. нан, сүт өнімдерін сату үшін -	50 теңге
7. ат арбамен жүк тасу -	100 теңге
8. қол арбамен жүк тасу -	30 теңге
9. жеңіл автокөлікпен қызмет көрсету (такси) -	150 теңге
10. автобустар :	
- 12 орынға дейін	105 теңге
- 25 орынға дейін	210 теңге
- 25 тен жоғары орын	320 теңге
жүк автокөлікпен қызмет көрсету :	

11.	- 3 тоннаға дейін	350 теңге
	- 5 тоннаға дейін	600 теңге
	- 5 тоннадан жоғары	1500 теңге
12.	газет, журнал сату үшін (тұрақты стационарлы жер болмаған жағдайда)-	35 теңге
13.	жалға берілген контейнер үшін	50 теңге
14.	бақылау өлшегіш қызметі үшін	105 теңге
15.	шемішке сататындардан	70 теңге
16.	базарларда тірідей мал сату, оның ішінде:	
	- ірі малдар	250 теңге
	- ұсақ малдар	60 теңге
17.	табын бақташылары үшін	
	- 100 бас ірі малға	150 теңге
	- 100 бас ұсақ малға	75 теңге
18.	сыпыртқы сатуға	80 теңге
19.	бал сатуға	165 теңге
20.	жеке тракторларымен жалға жер өңдеуге (6 -жүздікке)	105 теңге
21.	механикалық көлік алып келіп сатушыларға (бір көлікке):	
	- жақын шет елдерден	3000 теңге
	- алыс шет елдерден	5000 теңге

2. Аягөз аудандық мәслихатының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 01-02/31-10 «Аягөз ауданы бойынша салық комитетінің Аягөз аумағындағы базарларда (3 категория) сауда жасайтын азаматтардан бір жолғы талондардың құны және ұтыс ақшасынсыз ойын автоматтары бойынша әрбір салық салу объектісінен алынатын тіркелген жиынтық салық ставкасының мөлшері туралы» шешімінің (Аягөз аудандық Әділет басқармасында 19 қаңтарда 2007 жылғы 5-6-45 нөмірімен тіркелді “Аягөз жаңалықтары” газетінде 2007 жылғы 3 ақпанда № 6 (576) санында жарияланды) күші жойылсын.

3. Ұтыс ақшасынсыз ойын автоматтарың бір салық салу объектісінен алынатын тіркелген жиынтық салық ставкасының мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Осы шешім Аягөз аудандық Әділет басқармасында тіркелген күннен бастап күшіне енсін.

5. Осы шешім 2008 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы		Ж.Жұмаханов
Мәслихат хатшысы		М.Темеков

Аягөз аудандық мәслихатының
2008 жылғы 12 ақпандағы

Тіркелген жиынтық салық ставкаларының мөлшері бекітілсін

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген жиынтық салық ставкаларының мөлшерлері (айлық есептік көрсеткішпен)
1.	Бірнеше ойыншыға арналған ұтыс ақшасыз ойын автоматтары	15
2.	Ойын ойнауға арналған жекелей компьютер	20
3.	Билярд үстелі	50

*** тіркелген жиынтық салық ставкаларының мөлшерлері салық салу объектісінің бір бірлігіне бір жылға белгіленген.**